

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы, 050060

Лебедев көшесі, 1

ЖШС ӨБ «Юнилюкс»

өндірушілерінің

телефон нөмірлері:

тел.: +7 727 394 1712

тел.: +7 727 394 1714

моб.: +7 707 825 5000




моб.: +7 777 825 5000

e-mail: info@unilux.kz

Өндірушінің

ресми сайты:

www.unilux.kz



www.unilux.kz

Unilux КГВ

Тұрмыстық су жылытатын газ қазанының

ПАЙДАНАЛУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СТ ТОО 393 49291-01-2008; ГОСТ 30735-2001, ГОСТ 20548-93; ISO 9001-2009

*Электрондық нұсқасы **KZ**

Осы қазан өнертабыс болып табылады және басымдық құқығы 25.02.98 жылғы Еуразиялық ПАТЕНТКЕ сәйкес Авторларға тиесілі. Зияткерлік меншік Қырғыз Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының заңдарымен қорғалады. Құқық бұзушылықтар Заңмен қудаланады.

Настоящий котел является изобретением, и приоритетное право принадлежит Авторам согласно Евразийского ПАТЕНТА от 25.02.98 г. и ПАТЕНТА Республики Казахстан №974 от 20.07.2009 г. Интеллектуальная собственность охраняется Законами Кыргызской Республики, Республики Казахстан и Российской Федерации. Нарушения преследуются Законом.

Компания ТОО ПО "Юнилюкс" оставляет за собой право без предварительного уведомления вносить изменения, касающиеся технических параметров, а так же оснащения предлагаемых товаров.

Товар сертифицирован.



Дайындаушы зауыттың кепілдік міндеттемелері	2
Қазанды орнату және пайдалану	3
Арнаулы мақсаты мен Жеткізу жинақтылығы	5
Техникалық сипаттамалары	6
Қауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптар	7
Жылыту жүйесінің негізгі схемасы	8
Жанарғы	9
Газ құбырларын тазалау	9
Түтіндік	10
Мұржаның шатырдан биік, не болмаса төмен болу нормасы	11
Түтіндіктер схемасы	12
Болуы мүмкін ақаулықтар және оларды жою әдістері	13
Қазандықты іске қосу нұсқаулары	
NG 7302 клапанды Unilux КГВ-А және КГВ-С газ қазандықтары үшін	15
Қазандықты іске қосу нұсқаулары	
NG 6801 клапанды Unilux КГВ және КГВ-Т газ қазандықтары үшін	17
Қазандықты іске қосу нұсқаулары	
NG 7303 клапанды Unilux КГВ және КГВ-Т газ қазандықтары үшін	19

ДАЙЫНДАУШЫ ЗАУЫТТЫҢ КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Кепілді пайдалану мерзімін артқы жақтағы Куәліктен қараңыз. Кепілді мерзім ішінде дайындаушы зауыттың кінәсінен туындаған ақаулықтар оның есебінен жойылады.








Дайындаушы мына жағдайларда жауапты болмайды және талаптілектерді қабылдамайды:

- қазан сатылғаннан кейін оның жинақты болмауы және механикалық зақымдары үшін;
- орнату және пайдалану ережелері сақталмаған кезде;
- түтіндік бөлігі сапасыз жылытылып, конденсат түзілуіне себеп болған кезде;
- қазанды тиісті рұқсаты жоқ кісілер орнатқан жағдайда;
- жылу шығыны 15% астам болған жағдайда;
- газ қазандықтар үшін - нашар газдың сапасы (механикалық қоспалар);
- газ қазандықтар үшін - газ құбырындағы қысым белгіленген нормадан төмен болған жағдайда;
- газ қазандықтар үшін - ыстық су құбырының ішінде қақ жиналу қазанның сапасыз істеген белгісі емес, ол жүйедегі судың жұмсақ-қаттылығына байланысты. Қақ жиналуын болдырмау үшін, суық судың ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің кіре берісіне жұмсартқыш сүзгі қондыру қажет.

Қазанның жұмысын қадағалау, оны дұрыс пайдалану оның иесіне жүктеледі. Ол қазанды таза және ақаусыз күйде ұстауға міндетті.

Кепілдіпайдалану мерзімі ішінде негізсіз себептермен шеберді шақырған жағдайда қазан иесі шеберді шақыру жөніндегі шығындарды өзі көтереді.

ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

-  Газ келетін құбырда сақтандырғыш қауіпсіздік клапаны болмаса, қазанды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.
-  Қазанды жағуды тек жылыту жүйесі сумен толтырылғаннан кейін жүргізу керек.
-  Қазанды орнатуға тек жану өнімдерін шығаруға арналған мұржа болған кезде ғана жол беріледі. «Мұржа» бөлімін қараңыз.
-  Қазан жұмыс істемей тұрған кезде жанарғы құрылғысының алдындағы газ келетін құбырдағы кран жабық болуы тиіс.
-  Қазан дұрыс жұмыс істеп, газ құбыры ақаусыз болған кезде жайда газдың иісі сезілмейді тиіс. Газ иісінің пайда болуы қазанның, газ құбырының зақымдануы немесе мұржада түтіннің дұрыс тартылмауы салдарынан пайда болған газдың ағуы бар екендігін айғақтайды. Газдың иісі пайда болған кезде қазанды пайдалануды доғарып, жайды желдету үшін терезелерді ашып, төтенше жағдай қызметін шақырып, газ аспаптарының барлық крандарының жабық тұрған-тұрмағанын тексерген жөн; мұндай кезде от жағуға, темекі шегуге және электр аспаптарын пайдалануға болмайды.
-  Газдың қазанға келуін ашып-жабатын газ кранының болуы міндетті!
-  Қазанның сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін газ келетін құбырға газ кранымен қауіпсіздік клапаны арасына сүзгі орнатуды ұсынамыз (жабдығына кірмейді). Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі қақты азайту мақсатында, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіне келетін суға арнайы су жұмсартатын сүзгі қоюды ұсынамыз (жабдығына кірмейді).



Қалыпты және сапалы қызмет көрсетілуі үшін, қазанның барлық тораптары мен агрегаттарына еркін қол жетуін қамтамасыз ету керек!

Қазандықтарды күннен, ылғалдан және шаңнан қорғалған жерде сақтау керек. Сақтау орындарында ауа температурасы +5 тен +35-қа °C дейін, салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспауы керек.

Сервистік қызмет көрсетусіз қазандықтың максималды сақтау мерзімі - 2 жыл.

Қазандықтың қызмет ету мерзімі - 15 жылға дейін.

Қайғылы оқиғалар мен қазанның істен шығуын болдырмау үшін- МЫНАҒАН ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Осы нұсқаулықпен таныспай жатып қазанды орнатуға және іске қосуға;
- Мұржада түтін тартылмаған кезде қазанды қосуға;
- Газдың ағуы бар болған кезде қазанды пайдалануға;
- Желдету арналарының шарбақтарын жабуға және оларға электржелдеткішін орнатуға үзілді кесілді тыйым салынады;
- Қазанды жертөлелер мен оттегі кірмейтін және желдетілмейтін жайларға орнатуға;
- Есік, терезелері тығыз жабық және желдету арналарында ақауы болғанда қазанды пайдалануға;
- Шынымақтамен немесе басқа да оқшаулағыш материалдармен жылыламастан түтін шығатын мұржаларды пайдалануға;
- Жанарғы құрылғысын ақаулы немесе реттелмеген күйде пайдалануға тыйым салынады, өйткені газ бен оттегі қоспасының бұзылуы түтіндіктің күйемен бітелуіне әкеліп, нәтижесінде жалын сыртқа шығып, өрт пайда болу қаупін тудырады;
- Жалынның ұшы сарғайып шығып жатқан кезде жанарғы құрылғысын әрі қарай пайдалана беруге;
- Қазанды қайнауға дейін жеткізуге;
- Өрт шығуы мен қазанның тез істен шығуын болдырмау үшін оттық ішінде ұзақ уақыт бойы конденсат түзілген кезде қазанды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады;
- Жылыту жүйесіндегі ыстық суды пайдалануға.

Мұржаны және желдету арналарын уақытылы мезгіл-мезгіл тексеріп тазалап тұру Сіздің қауіпсіздігіңіздің кепілі болып табылады.



Тұтынушы қазанды қауіпсіздік талаптарын бұза отырып пайдаланған жағдайда өндіруші жауапты болмайды! Қазанды дұрыс пайдалану үшін жауапкершілік оның иесіне жүктеледі!

Unilux тұрмыстық су жылытатын газбен жылыту қазандары ыстық сумен қамсыздандыру мүмкіндігі бар, тұрғын үйлерді, қызметтік және өндірістік жайларды жылумен қамсыздандыруға арналған.

ЖЕТКІЗУ ЖИНАҚТЫЛЫҒЫ

1. Газбен жылыту қазаны - 1 дана
2. Газ жанарғысы - 1 дана
3. Сақтандырғыш клапаны - 1 дана (моделіне байланысты)
4. Термометр - 1 дана (моделіне байланысты)
5. Паспорт пен пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана

қазандық моделі:	КГВ-7	КГВ-10	КГВ-12	КГВ-16	КГВ-22	КГВ-32	КГВ-42	КГВ-52	КГВ-70	КГВ-90	КГВ-120
жылытатын аумағы:	70 м ²	100 м ²	120 м ²	160 м ²	220 м ²	320 м ²	420 м ²	520 м ²	700 м ²	900 м ²	1200 м ²
габариттік өлшемдері	ені	18 см	23 см	30 см	28 см	35 см	42 см	49 см	50 см	67 см	70 см
	тереңдігі	35 см	35 см	35 см	35 см	35 см	35 см	35 см	35 см	45 см	66 см
	биіктігі	60 см	60 см	60 см	64 см	63 см	67 см	67 см	72 см	81 см	90 см
жылу алмасу беті	1,05 м ²	1,35 м ²	1,66 м ²	1,85 м ²	2,13 м ²	2,61 м ²	3,07 м ²	3,53 м ²	5,6 м ²	6,6 м ²	8,7 м ²
ЫСҚ көлемі минутына	—	—	5-7 л	—	7-8 л	8-9 л	9-10 л	10-12 л	—	—	—
от жағатын камераның көлемі	0,003 м ³	0,004 м ³	0,006 м ³	0,007 м ³	0,009 м ³	0,013 м ³	0,016 м ³	0,018 м ³	0,038 м ³	0,042 м ³	0,070 м ³
қуаттылығы	7 кВт	10 кВт	12 кВт	16 кВт	22 кВт	32 кВт	42 кВт	52 кВт	70 кВт	90 кВт	120 кВт
пайдалы әсер коэффициенті	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін	97% дейін
салмағы	37 кг	48 кг	58-70 кг	65 кг	77-80 кг	93-98 кг	103-109 кг	110-120 кг	220 кг	240 кг	323 кг
сынақ кезіндегі қысымы	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²	2,5 кг/см ²
газдың орташа тәуліктік шығыны	5-6 м ³	8-9 м ³	9-10 м ³	13-15 м ³	17-19 м ³	26-28 м ³	35-37 м ³	43-48 м ³	60-65 м ³	75-85 м ³	95-108 м ³
мұржаның ұсынбалы диаметрі	100 мм	100 мм	100-110 мм	100-110 мм	110-130 мм	120-140 мм	130-150 мм	140-170 мм	170-180 мм	180-200 мм	180-200 мм

Unilux қазандарының техникалық сипаттамалары төменде, кестеде көрсетілген.

«Юнилюкс» ЖШС ӨБ компаниясы ұсынылған тауардың техникалық параметрлеріне және де жарақтандыруына қатысты, алдын ала хабарламай ақ өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Назар аударыңыз!

Мына жағдайлар қазанның техникалық сипаттамаларына ықпал етеді және жылытуға кететін қосымша қуат пен шығындарды қажет етеді:



- шлак қабырғалар;
- жұқа жеткіліксіз жылыланған қабырғалар, төбелер;
- радиаторлардың орнында регистрлар болуы;
- құбырлардың даламен, жер астымен, шатыр астымен
- қабырға ішімен төселуі;
- аяқталмаған үй құрылысы, жөндеу жұмыстары;
- ылғалды қабырғалар;
- адам тұрмаған бос жай;
- жылытылатын еден.

Яғни, пайдалану кезінде жылу шығыны 10%-15% аспауға тиіс.

Unilux КГВ газ қазандарының техникалық сипаттамалары

ҚАЗАНДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Unilux су жылытатын газбен жылыту қазаны (1 сурет) корпустан, су қаптамасынан және оттықтан тұратын болат құрылма болып табылады. Қазанның оттығы газ жанарғысымен жабықталған.

Отын ретінде табиғи газ пайдаланылады. Жылу тасымалдағыштар ретінде су пайдаланылады, судың орнына төмен қататын сұйықтықтарды да пайдалануға болады. Жылыту жүйесіндегі суды жиі алмастыру қазанның, сондай-ақ жалпы жылыту жүйесінің күйін нашарлататынын ескеру қажет.

Қазан іске қосылғаннан кейін су 35°C дейін жылығанша уақытша конденсат түзілуі (қазанның терлеуі, аздап ағу) бақылануы мүмкін. Су ысығаннан кейін бұл құбылыс жоғалады.


Жүйедегі су айналымын қамтамасыз ету үшін (циркуляциялық сорғы болмаған кезде) құбырды еңкістеу қажет. Еңкістік шамасы 1м ұзындыққа 1 см-ден кем болмауға тиіс. Сонымен қатар, жылыту қазанын кері қайтатын су құбырының деңгейінен кемінде 1 метр төмен орнату қажет.




Егер ойдағыдай үнем мен барынша жылу беруді қаласаңыз, онда бірінші кезекте мыналарға назар аударған жөн:

Жылыту жүйесіндегі су көлемі мен үйдегі жылыту батареяларының санына. Регистрлер мен диаметрі 32 мм жоғары құбырларды пайдалану есебінен су көлемінің шамадан артуы кері қайтатын судың төмен температурасы мен оттықтың ішінде екінші конденсат түзілуінен қазанның жұмысының нашарлауына алып келеді. Сонымен қатар барынша көп жылу алу үмітімен бөлмелердегі батареялардың санын көбейтпеген жөн. Мұнымен сіз тек артық жүктеме артасыз, жүйенің кедергісі ұлғайып, судың айналымы нашарлайды да, ол жылуалмастырғыштарда күйе түзілуімен қатар жану процесі тұрақтылығының бұзылуына әкеледі, ал ол өз кезегінде қазанның тиімділігінің төмендеуінің және тез істен шығуының себебі болып табылады.

Кеңейту бағындағы су деңгейін үнемі қадағалап отыру қажет. Кеңейту бағындағы су деңгейі оның биіктігінің 2/3 бөлігінен төмен болмауға тиіс. Кеңейту бағы жақсы жылыланған болуы керек.



а) КГВ және КГВ-Т жиынтығындағы қазандары



1 - сурет
Unilux газ қазанының
шашылған түріндегі
схемасы

а) КГВ-А және КГВ-С
жиынтығындағы қазандары

Қазан жұмысының ең жоғарғы тиімділігіне тек жанарғы құрылғысын дұрыс пайдаланған кезде ғана қол жеткізуге болады. Жанарғылардың қолданылатын түрлерінің әр алуандығына байланысты жанарғыларға арналған нұсқаулық бөлек тіркеліп беріледі.

Жанарғы қазанның қосылуы мен газ берілуі тоқтағаннан кейін 30-60 секунд ішінде автоматты түрде сөнуін қамтамасыз ететін пьезо-оттықты қауіпсіздік клапанымен жабдықталған. Unilux қазанын табиғи газ құбырына жалғауды тұтынушыға ыңғайлы және қауіпсіз тәсілмен: болат құбырмен қатты немесе арнайы майысқақ резина жеңмен жалғауға болады.

Жанарғының тоқтаусыз жұмыс істеуіне және оның ұзақ мерзім пайдаланылуы үшін газ келетін құбырыға газ кранымен клапан арасына арнайы газ сүзгісін қондыру ұсынылады.

Жылыту маусымы кезінде газ жанарғысын жиі сөндіріп, қазанды толық суытпаған жөн. Қазанды жиі суытып, қайтадан қыздырған кезде газ құбырының қабырғаларында конденсат түзіліп, ол жылу алмасуы мен қазанның қалыпты жұмысына кедергі келтіретін болады. Бұл құрылманың ерекшелігі жанарғыны бүкіл жылыту маусымы бойы, ал ыстық сумен қамсыздандыратын модельдерді жыл бойы сөндірместен қазанды пайдалануға мүмкіндік береді.

ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫН ТАЗАЛАУ

Қазанды тазалау тікелей оның иесіне жүктеледі.

Жыл сайын жылыту маусымы аяқталғаннан кейін немесе басталардан бұрын қазанның газ құбырларын күйеден, шаңнан, ластан және т.б. тазарту қажет. Бұл үшін қаптаманың қақпағын шешіп, содан кейін қазанның қақпағын шешу қажет. Одан кейін барып газ құбырларын мұқият тазалап шығу керек. Мысалы үшін, мұны ескі қол арамен істеген қолайлырақ болады.



Қазанды орнатқан кезде жылыту жүйесінің түтіндік бөлігіне ерекше көңіл бөлген жөн!

Мұржаның түтіндік бөлігі міндетті түрде жылылануға тиіс, өйткені табиғи газдың (метанның) жану процесінде оның құрамдас бөліктері көмірқышқыл газ бен суға (конденсат) ыдырайды. Түтіндіктің жеткіліксіз жылылануынан оның қабырғаларында конденсат түзіле бастап, мұз қатады және ол түтіндіктің бітелуіне және түтін тартудың доғарылуына әкеліп, соның салдарынан тұншықтырғыш газдармен улану қаупі туады.

Сондай-ақ бұл күйе түзе отырып біркелкі жанбауға, қазан жұмысының тиімділігінің нашарлануына әкеліп соқтырады, сондай-ақ өрт шығу қаупі бар жағдай туғызады. Тоқтаусыз конденсат түзілуі қазанның металл бөлшектерінің тот басуына және оның тез істен шығуына себепші болады. Түтіндіктің құрылысы қолданылып жүрген «Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелерінің» талаптарына сай болуға тиіс. Қазандық қосылатын түтіндік таза болуы және жану өнімдерін еркін өткізуі тиіс.

Түтін шығатын мұржаның диаметрі оның ұзындығына қарай 100мм және одан да кең болуға тиіс (6-ші беті). Мұржа ұзын болған сайын, оның диаметрі де кеңірек болуға тиіс. Мүмкіндігінше түтін шығатын мұржаның көлденең учаскелері ұзын болмағаны қажет.

Құбырды аз иілу радиусымен немесе тік бұрышта бұрмаған жөн. Қазан түтіндікке жалғанған кезде өрт қауіпсіздік ережелері қатаң сақталуы тиіс. Түтіндікті жалғау нұсқалары 3 суреттерде көрсетілген.

Түтіндікті құрған кезде газ құбырларын тазалау үшін қазанның қақпағын шешу мүмкіндігін қарастыру қажет.



Назараударыңыз! Түтіндікті қазанға қосып дәнекерлеуге болмайды!

Көп қабатты үйлердегі түтіндіктер ішкі қабырғаларға орнатылып, міндетті түрде шатырдың жоғарғы нүктесінен биігірек орналасуы керек. Түтіндік ғимараттың сыртына құрылған кезде түтіннің кері тартылу әсері жүреді.


Егер күн суық кезде қазан сөндірілетін болса, түтіндіктің пайда болған кері тартылуынан оны қайтадан іске қосу қиын болады! Түтіндік ғимараттың сыртына жылыланбай орнатылған кезде түтіннің кері тартылуы жүреді.

Кірпіш түтіндіктер міндетті түрде конденсатты ылғалдан ішкі жағынан оқшаулануы тиіс. Оқшалаудың болмауы қабырғалардың сарғайып, сылақтардың бұзылуына әкеледі. Түтіндік қазан оттығында ауаның жақсы тартылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Тегіс және одан да биік түтіндік мұржаларының шатырда құрастырылуы (сурет 2):


- Тегіс шатырдан 500 мм-ден кем болмауы;
- Парапеттен немесе шатыр төбесінен 1,5 м арақашықтықта болса 500 мм жоғары;
- Парапеттен немесе шатыр төбесінен 1,5 метрден 3 м төмен жағдайда 500 мм төмен;
- Түтін мұржасы шатыр биіктігінен 3 м төмен жағдайда, төбе шатырынан 10°C-қа төмен сызықта

Қасында орналасқан құрылыс үйлерінің мұржасынан пештің мұржасы шатыр төбесінен неғұрлым биік болуы



Сурет 2 - мұржаның шатырдан биік, не болмаса төмен болу нормасы

Сурет 3 - «Юнилюкс» едендік газ қазандықтарының мұржаларын орнатудағы нұсқалар (түтін шығару құбыры жоғары қарауы керек)



**Жанарғының пайдалану кезінде болуы мүмкін ақаулықтары
және оларды жою әдістері**

Ақаулықтар	Себептер	Жою әдістері
Білте тұтанбайды	1. Білтеге газ келмейді немесе келеді, бірақ құрамында ауа көп.	1. Клапанның күйін тексеріңіз. 2. Клапанды қалдық ауа толық шығып кету үшін басып, 5 минуттай ұстап тұрыңыз. Содан кейін іске қосыңыз.
Білте тұтанбайды	2. Білтенің тесіктері бітеліп қалған.	Білтенің форсункасын клапаннан бұрап шығарып алып, білте саңылауын тазалау керек.
Білте тұтанбайды	3. Газ құбырындағы қысым нормадан артық, төмен немесе жоқ.	Қазанға баратын газ кранын қысым нормативтікпен теңесетіндей етіп жабыңыз да, содан кейін пьезооттықты басыңыз. Егер қысым төмен болса, білтені сіріңкемен тұтатыңыз.
Білте тұтанбайды	4. Пьезооттықта ұшқын жоқ немесе ұшқын әлсіз. Массаға тиіп тұр.	Түйіспелерді тазартыңыз. Массаға тиіп тұрған жерлерді оқшаулаңыз. Ұшқын түйіспелерінің арасына 3 мм ашық жер қойыңыз. Пьезооттықты құрғатып алыңыз.
Білте тұтанбайды	5. Білтенің жалынын ауаның кері тартылысы үрлеп кетеді.	Ауаның тартылуын тексеріңіз. Желдеткіш терезелерді, есіктерді және қалған желдету шахталарын жабыңыз. Түтіндікті жылытып алыңыз. Содан кейін іске қосыңыз.
Жанарғы тұрақты жұмыс істемейді. Жалын кейде сөніп қалады.	1. Түтіндікті үрлеп кетеді. 2. Түтіндікті күйе немесе басқа бір зат бітеп қалған. 3. Түтіндіктің тартуы тым күшті. 4. Түтіндік жылыланбаған.	1. Жылыту жүйесінің түтіндік бөлігін қауіпсіздік талабына толық сәйкестендіріңіз. 2. Тартуды реттеп алыңыз. 3. Түтіндікті жылылаңыз.
Жанарғы тұрақты жұмыс істемейді. Жалын кейде сөніп қалады.	1. Жылу алмастырғышқа тот немесе күйе толып қалған. 2. Оттегінің қоспасы нормадан артық. 3. Желдету шахтасы жоқ. 4. Есікті қатты жапқан кезде жалынды үрлеп келеді.	1. Қаптаманың және қазанның үстіңгі қақпағын бұрап шығарып алып, қазанның жылуалмастырғыштарын тазалаңыз. 2. Реттеп алыңыз. 3. Қазан орналасқан жерде жайды желдету үшін саңылау тесіңіз және жайды желдетілетін етіңіз.

NG 7302 клапанды

Unilux KGB-A және KGB-C газ қазандықтары үшін





Қазанды жанарғы сыртқа шығып тұрған кезде жағуға қатаң тыйым салынады! Жанарғы құрылғысы жандыру кезінде оттық ішінде орналасуы тиіс.

Қазан жұмысының ең жоғарғы тиімділігіне жанарғы құрылғысын дұрыс пайдаланған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Сіздің қазаныңыз оттегі беретін өздігінен реттелетін құрылғымен және қазанда белгіленген температураны қолдап тұратын қуатты автоматты реттеуішпен жасақталған. Қауіпсіздік клапаны қазанның іске қосылуын және газ берілу тоқтағаннан кейін 20-40 секундтың ішінде қазанның автоматты сөнуін қамтамасыз етеді.

Қазанды іске қосу келесі түрде жүзеге асады:

1. Түтіндікте тарту күшінің бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Температура реттеуіштің тұтқасын өшірулі жағдайына орнатыңыз (сағат тілі бағытында тірелгенге дейін).
3. Қауіпсіз клапанындағы іске қосу түймешігін айналдыру арқылы ұшқын ★ жағдайына орнатыңыз.
4. Іске қосу түймешігін тірелгенге дейін басыңыз әрі оны осы күйде газ білтеге жеткенге дейін 10-15 секунд ұстаңыз.
5. Жанарғы құрылғысын қазан оттығынан шығармастан білтені пьезотұтатқыштың көмегімен жағыңыз (білте жанады). Білте жанғаннан кейін іске қосу түймешігін жылуөңдегіш қызғанға дейін басулы күйде 15-20 секунд ұстап тұрыңыз. Қызған жылуөңдегіш газ таратқышқа және жанарғы құрылғысына газ жібереді.
6. Білтені жаққаннан кейін іске қосу түймешігін айналдыру арқылы жалын жағдайына орнатыңыз 🔥.
7. Температура реттеуіштің тұтқасын жай айналдыру арқылы қазан жұмысының қажетті режимін орнатыңыз.
8. Іске қосу түймешігі ○ жағдайында тұрған кезде – қазан сөнеді.



Ескертпе:
Іске қосу түймесі ортасына дейін басқанда ғана қосылады.



іске қосу түймешігі

○	өшіру
★	ұшқын
🔥	жалын



Ескертпе: Клапанда 40-тан 85°C дейін қуаттылықты реттеудің бес деңгейі қарастырылған. 1-жағдай ең төменгі қуаттылыққа сәйкес келсе, 5-жағдай ең жоғарғы қуаттылықты білдіреді.

NG 6801 клапанды

Unilux KGB және KGB-T газ қазандықтары үшін





Қазанды жанарғы сыртқа шығып тұрған кезде жағуға қатаң тыйым салынады! Жанарғы құрылғысы жандыру кезінде оттық ішінде орналасуы тиіс.



Қазан жұмысының ең жоғарғы тиімділігіне жанарғы құрылғысын дұрыс пайдаланған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Сіздің қазаныңыз оттегі беретін өздігінен реттелетін құрылғымен, сонымен қатар пьезотұтатқышы бар қауіпсіздік клапанымен жасақталған. Ол қазанның іске қосылуын және газ берілу тоқтағаннан кейін 30-40 секундтың ішінде қазанның автоматты сөнуін қамтамасыз етеді.

Қазанды іске қосу келесі түрде жүзеге асады:

1. Түтіндікте тарту күшінің бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Қуаттылықты реттеуіштің тұтқасын «OFF» жағдайына орнатыңыз.
3. Қуаттылықты реттеуіштің тұтқасын басыңыз, «Pilot» белгісіне дейін бұраңыз әрі оны осы күйде 10-15 секунд ұстап тұрыңыз.
4. Қуаттылықты реттеуіштің тұтқасын басып тұрып, осы тұтқаны шертілдеген дыбыс шыққанға дейін сағат тіліне қарсы бағытта жаймен бұрай беріңіз. Шертілдеген дыбыс шыққаннан кейін білте тұтануы тиіс. Білте жанғанға дейін осы әрекетті қайталаңыз.
5. Білте жанғаннан кейін тұтқаны жылуөңдегіш қызғанға дейін басулы күйде 15-20 секунд ұстап тұрыңыз. Қызған жылуөңдегіш газ таратқышқа және жанарғы құрылғысына газ жібереді.
6. Реттеуіштің тұтқасын бұрап, қазан жұмысының қажетті қуатын орнатыңыз.
7. Қазанды өшіру реттеуіш тұтқасын басу және «OFF» жағдайына орнату арқылы жүргізіледі.



NG 6801 клапаны



қауіпсіздік клапаны (NG 6801)

Unilux KGB және KGB-T газ қазандықтары үшін




Қазанды жанарғы сыртқа шығып тұрған кезде жағуға қатаң тыйым салынады! Жанарғы құрылғысы жандыру кезінде оттық ішінде орналасуы тиіс.

Қазан жұмысының ең жоғарғы тиімділігіне жанарғы құрылғысын дұрыс пайдаланған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Сіздің қазаныңыз оттегі беретін өздігінен реттелетін құрылғымен және қазанда белгіленген температураны қолдап тұратын қуатты автоматты реттеуішпен жасақталған. Қауіпсіздік клапаны қазанның іске қосылуын және газ берілу тоқтағаннан кейін 20-40 секундтың ішінде қазанның автоматты сөнуін қамтамасыз етеді.

Қазанды іске қосу келесі түрде жүзеге асады:

1. Мұржада тартқыштың болуына көз жеткізіңіз.
2. Қуат реттегіш кранын жабыңыз.
3. Қауіпсіздік клапандарындағы іске қосу түймесін соңына дейін басып, оны 10-15 секунд ұстап тұру керек, содан кейін пьезотұтатқыш қызыл түймесін басыңыз. Білте жанады (тұтандырғыш жанарғы).
4. Іске қосу түймесін 20-30 секунд ұстап, содан кейін осы батырманы босатыңыз. Білте жанып қалу керек.
5. Кранды бір қалыпты ашу арқылы газ кіруді қамтамасыз етесіз газды негізгі жану құрылғысына жеткізу. Сол кран жану құрылғысының қуатын реттеуші болып табылады



NG 7303
клапаны

